Автор: РСКАЛИЕВА ГУЛСЕЗИМ МАЛИКОВНА
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 2-сынып
Бөлім: Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті
Тақырып: Ұлттық кейіпкерлерді сипаттаймыз. Жалқы есім мен жалпы есім

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.1.4.1 - тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар берілген суреттер бойынша Алдаркөсе туралы әңгіме құрастыра алады. Берілген тірек сөздер арқылы Алдаркөсені сипаттап жаза алады. Сөздердің қатесін түзеп, сөйлемдерді көшіре алады.
Тілдік мақсаттар:	сөз таптары, зат есім, жалқы есім, жалпы есім
Бағалау критерийлері:	Оқушылар берілген суреттер бойынша Алдаркөсе туралы әңгіме құрастырады. Берілген тірек сөздер арқылы Алдаркөсені сипаттап жазады. Сөздердің қатесін түзеп, сөйлемдерді көшіреді.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интертақта, ноутбук
Пәнаралық байланыс:	музыка, әдебиеттік оқу
Бастапқы білім:	«Ширату жаттығу» Жалған – ақиқат -оқушыларға пікір айтамын. Оқушылар айтылған пікірдің жалған немесе ақиқат екенін анықтайды.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	Тыңдалым. Алдаркөсе жайында видео - Тыңдалған видео бойынша сұрақтар қою. Айтылым. «Суреттегі ертегі» әдісі Нұсқау: сурет бойынша Алдаркөсе жайында әңгіме құрап айт. ҚБ оқушылар сурет бойынша Алдаркөсе жайында әңгімелейді Ынталандыру Тамаша!	https://youtu.be/Ky0ZG2gFGwQ суреттер
Сабақтың ортасы	Жазылым. Нұсқау: Берілген сөздерді пайдаланып, Алдаркөсені сипаттап жаз. ҚБ оқушылар кедей, тапқыр, ақылды, қу сөздерін пайдаланып, Алдаркөсені сипаттап жазады. Уәждеу Керемет!	Тірек сөздер
Сабақтың соңы	«Адасқан сөздер» әдісі Нұсқау: сөздердің қатесуін түзетіп, сөйлемдерді көшіріп жаз ҚБ оқушылар сөйлемдерді көшіріп жазады Ынталандыру Жарайсыңдар!	
Рефлексия	"Кеме" әдісі	кеме кері байланысы